

**Кенжеғали САҒАДИЕВ,  
Парламент Мәжілісінің  
депутаты:**

— Өте мазмұнды, халыққа ерекше әсері бар Жолдау болды. Өткен жолымыз қорытындыланды. Расында жақсы-жақсы жетістіктерге жетіппіз. Қарап отырсақ, тәуелсіздік алған жалғыз біз емес қой, ал біздің 20 жыл ішіндегі жеткен биігіміз шүкіршілік жасайтындай. Президенттің осы орайда келтірген мысалы өте әсерлі болды. Мәселен, Оңтүстік Корея алғашқы 20 жылында 3 есе, Малайзия 2,2 есе, Польша, Венгрия, Түркия барлығы бізден аз деңгейде көтеріліпті. Біздің қарқынымыз олардан бірнеше есе артып отыр. Ал олардың мысалына қарап өзімізше өлшейтін болсақ, келесі 20 жылдың табысы одан да еселене түспек.

Тағы бір маңызды көтерілген тақырып, ол — әлеуметтік мәселелердің қаралуы. Білімді жоғары сапаға көтеру, мектептер мен балабақшалар салу, осы бағытта әлемде алдыңғы қатарлардан көріну, денсаулық сақтауға маңыз беріп, адам жасын ұзарту сынды халыққа қажетті көптеген мәселенің қалай шешімін табатындығы айтылды. Мәселен, ІЖӨ-нің 3,2 пайызы денсаулық сақтау ісіне бөліну қажеттігіне маңыз берді.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселесі көптен бас қатырып жүрген қиын түйін болатын. Осыған қолымыз жетпей жүрсе, бүгінгі Жолдауда ол өте жақсы айтылды. Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағытында атқарылады деген істер де көңілден шығады. Осылардың орындалатынына сенімдімін, өйткені, біз бағдарламаның бірінші жылы-ақ 150-ден астам кәсіпорынды іске қостық қой. Сондықтан алда атқарылар жұмыс мол.

